

Ахмет Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының талдауы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас

ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6. Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Тамыз айында сынып жетекшілер отырысында сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлқты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді

жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай кастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаз музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын

қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–8 сынып; оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделіп, іс-шаралар өткізілді

Әр өткізілген шараға ата-аналар белсене қатысып, өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынып отырылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Тоғыз айға тоғыз іс шара» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ Министрлігі “нің 06.09.2023жылғы √4-04-2/5292 кіріс хатын басшылыққа ала отырып мектеп оқушылар арасында “Дене сергіту” челленджи ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы бойынша А.Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебі «Гимн айту» челленджи орындалды. Мектеп оқушылары бір уақытта республикамыздың мемлекеттік әнұранын шырқады.

“Асық ату” челленджи өтті. Өткізілген челлендж мақсаты оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін және елдің мәдени мұрасын сақтауға, ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталды. 13-желтоқсан күні эссе жазды. "Менің болашағым", "Менің елім үшін болашағым" Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Челленджде жазуға ұсынылатын шығарманы хат жазу түрінде жазғызуға болады. «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтасты туралы ойлануына негіз болатын тақырыпты ұсынуға болады. Шығарма тақырыбын таңдауда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру қажет.

Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру. «Қазақ есебі» челленджи ұйымдастырылды. Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді.«Қазақ есебі»челленджи ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серқұлұлының авторлық есептерін шешуге арналады.

Отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал ету мақсатында **«Оқуға құштар мектеп» челленджи ұйымдастырылды.**

«Шахмат ойнау» челленджи өткізілді. Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретіп, зейіннің шоғырлануын дамытады. **«Жасыл мекен»** челленджи

көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастырды.

«Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Көшеттер отырғызу «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-қатынасын нығайтуға көмектес **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, басшылыққа ала отырып, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталық жұмысы аясында**

«Даналық мектебі» клубының жұмысы

Даналық мектебінің жоспары бойынша жоспарланған тренингтер, шебер сабақтар дөңгелек үстел, сайыстар ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Анаға қарап қы өсерз» тақырыбында аулымыздың әжелері Перизат әжей мен Сұлушаш әжей 5-8 «Инабат» қыздар ұйымының мшелеріне көрпе тігу, жүн түту, ұшық иіру жұмыстарынан шебер сабақ көрсетті. Аулымыздың келіні Бегзада құрақ құраудың қыр сырын үйретті.

Қаңтар айында «Мен әкеммен мақтанамын» атты іс-шара ұйымдастырылды.«Ұлағат» әкелер мектебі ұйымдастыруымен, жарыс түрінде жасалған жақсы бағыт алақандай ауыл азаматтарын абыр-сабыр қылды. Ақтерек ауылындағы жеті жігіт ағасы ат салысты. Олар «Атының бас әріптері арқылы өзін-өзі таныстыру», «Мақал-мәтел айту», «Картоп аршу», «Отбасы мүшелерінің туған күндерін еске түсіру», сондай-ақ «Асық ату» мен «Бата беру» сияқты алты бағытта сайысқа түсті. Мұның бәрі қазіргі кезде өскелең ұрпаққа тәрбие беру жолында білім ошақтарында қолға алынған «Ұлттық құндылықтар», яғни ар-ұят ұлағатын ұқтыруға арналады. Қызықты шараға қатысқандар мынадай марапаттарға ие болды, мысалы; Ғабдолла Ерлан- «Шымыр әке», Ахметов Алмаз-«Белсенді әке», Әбілмәжінов Еркін-«Епті әке», Темірғалиев Серікбол- «Өнегелі әке», Жолтаев Бұрхан- « Жігерлі әке» атанса, Жұмабаев Дәурен « Үздік әке» болып басқа үміткерлерден қара үзіп шықты. Наурыз айында өткен «Жеңгелер» мектебінің ұйымдастыруымен «Өнерлі қыз-өнегелі жеңге» шебер сабағына аулымыздың жеңгелері мен қайынсіңілдері қатысып өз өнерлерін ортаға салды. Мадина жеңгей мен қайынсіңілісі Айзере «Мимоза» гүлін салу әдістерін көрсетті. Гүлнұр жеңге мен қайынсіңілдері «Арыстан» салатының жасалу жолдарымен таныстырды. Ризагүл жеңге мен қайынсіңілдері «Ұлттық» тағамдардың жасалу түрлерін көрсетті. 14- наурыз «Көрісу» күніне «Әжелер сөзі- ақылдың көзі атты іс-шара ұйымдастырылды. Әжелеріміз наурыз көженің жасалу жолдарын түсіндіріп мағұлмат беріп өтті. Алдымыздағы оқу жылына жылына «Аталар мектебі» «Ағалар мектебінің іс-шаралар жоспарланды.

Оқу жылының басында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша «Ата-аналар мектебі» жобасының жылдық жоспары құрылды. Құндылықтар: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) Жоспарға сәкес қыркүйек айында «Сіз және балаңыз бір біріңізді түсіне аласыздар ма» тақырыбында ата-аналардан сауалнама алынды. Қатысқан: 10 ата-ана .Сауалнама қорытындысы бойынша барлық ата-ана жоғарғы деңгейде жауап берді .Сонымен қатар қазан айында «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді .Шараға қатысқан: 9 ата-ана. «Отбасы тәрбиенің ұясы» атты психологпен бірлесе отырып тренинг өткізілді. Шараға қатысушылар белсенділік танытты. Қатысушылар саны: 10 Сондай ақ ата-аналар жиналысында «Таным.Тағылым.Тәрбие» және «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыптарында оқушылардың тәртібі, мінез-кұлқы туралы ашық әңгімелесу айдары ұйымдастырылды. Қатысқан ата-аналар саны:10 Халықаралық отбасылар күніне орай сурет байқау, «қамқорлық» акциялары ұйымдастырылып отырды.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылып,шаралар өткізілді.

Осы мақсатқа сүйене отырып, мектебімізде діни экстремизмнің алдын алу мақсатында жылдық жоспар құрылды. Жоспар негізінде жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда дінді жеткізудің әртүрлі құралдары бар. Оның ішінде баспа өнімдерінен бөлек ғаламтор арқылы, әлеуметтік желілер.. Жоғарыда айтылған барлық құралдар бүгінгі таңда мемлекеттің назарында. Жыл сайын тиісті органдар тарапынан дінтану сараптамасы арқылы мыңдаған әлеуметтік желілерде ашылған парақшалар мен діни сайттар жабылып, жүздеген діни әдебиеттер дінтану сараптамасынан өтпей жатыр.

Мектебіміздің кітап сөрелерінен рұқсат етілмейтін діни танымдық әдебиеттер кездеспейді. Жадынамалар тарату арқылы толық мағұлмат беріліп отырады. Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Діни экстремизм – кез келген діннің көлеңкелі, қараңғы, қауіпті жағы. Діннің атын жамыла отыра аморальді көзқарастар мен принциптерді қорғайтын, жекелеген адамдардың немесе бүкіл қоғамның мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғатын дүние. Ол демократия мен азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен дамуына қарсы тұратын негативті фактор.Діни экстремизм тікелей діни секталар мен деструктивті ағымдармен байланысты. Мұндай діни ұйымдар өздерінің жымысқы пиғылдарын дінге деген қызығушылық пен жанашырлықтың артына ғана жасырып, іс жүзінде деструктивті идеяларды насихаттайды. Осындай пропогандалық жұмыс арқылы адамның санасын улап, оны тұлға ретінде бұзады. Нәтижесінде, экстремистік көзқарастарды насихаттаушы деструктивті ағым ұстанушысы айналасындағы адамдардың құқықтарын аяққа таптап, діни жанжал туғызады. Мұндай азаматтар дінаралық мәселелерді саяси келеңсіздікке айналдыру арқылы оларды конфликт қоздыратын құрал етіп пайдаланады. Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды .Оқушыларға

«Хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою» мәселелерін түсіндіріліп, мектепте ондай оқушы жоқ екенін атап айтуға болады.

Мектептегі қауіпсіздік негіздері – бұл күн тәртібі және гигиена ережелері, салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау және нығайту, жол қауіпсіздігі ережелері, өртке қарсы қауіпсіздік, төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері. Балаларды қоршаған әлем, қауіпсіз мінез-құлыққа үйретеді, күрделі жағдайлардың туындау себептерімен және олардың алдын алу тәсілдерімен таныстырады. Оқушылардың әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету үшін мектепте мынадай қауіпсіздік шаралары әзірленуі тиіс: өмір мен денсаулықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану) оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерііске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-8 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізіледі.

2023 – 2024 оқу жылында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының жылдық жоспары құрылып сол жоспар бойынша жұмыс жасалып келеді.

1 қазан, 9 мамыр қарттар, «Жеңіс» күніне орай еріктілер клубы «Жылы жүрек» акциясы бойынша ауылымыздың қарт кісілерін құттықтап шықтық;

«Жасыл Қазақстан», «Таза Қазақстан» акциясына орай мектебіміздің оқушылар, ұстаздары «Таза табиғат», «Таза өзен» акциясы бойынша ауыл ішіне, мектеп айналасына тазалық жұмыстарын жүргізілді

I. «БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»
Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.
БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР

жұмыс түрлері Бағыттар	тәрбие сағат-тары	дөңгелек үстелдер	кездесулер	пікір сайыстар	жарыстар	сауалнама-лар
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	2	4	1	4	2	4
АР-ҰЯТ	1	3	2	1	3	2
ТАЛАП	1	2	2	2	1	2

II. Ата – анамен жүргізілген жұмыстар

сыныптар жұмыс түрлері	мектеп бойынша	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып
Ата – аналармен өткізілген жиналыстар	5	4	4	4	4	4	4	4	4

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бекітілген кешенді жоспарға сәйкес жобалар бойынша өткізілген іс-шаралар

жұмыс түрлері Жобалар	челленджер	дөңгелек үстелдер	Іс-шаралар	пікір сайыстар	Жарыстар
Оқуға құштар мектеп	3	3	3	2	1
Балалар және театр	0	0	0	0	0

Еңбегі адал жас өрен	2	2	1	2	1
Үшқыр ой алаңы	3	2	2	2	1
Жеткіншектің жеті жарғысы	3	3	3	2	1
Ұлттық мектеп лигасы	0	0	0	0	0
Ғаламтор қауіпсіздігі	2	2	2	1	1
Төрт тоқсан – төрт өнер	0	0	0	0	0
9 ай- 9 іс-шара	5	2	2	2	2
Ата-аналар мектебі	5	2	1	1	1

Сыныптарда тәрбие сағаттары аптаның бірінші күні бірінші сағатта тұрақты түрде өтеді. Тәрбие сағаттарының негізгі формалары көбіне сайыс, викторина, дөңгелек үстел, т.б. форматтарда өтеді.

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. «Меің отбасы-менің тірегім» ата-аналармен тренинг өткізілді.

Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Аз қамтамасыз етілген отб.	Жетім балалар, ААҚ Қ	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2023-2024 оқу жылы	15	3	-	3	10	1	-	1

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен

ақпараттық стендтер ұйымдастырылды. «Мен және менің құқықтарым» оқушыларға кеңес берілді.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы бастау алды.

Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. «Қауіпсіз интернет» ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 2.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен және ата-аналармен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында құқық қорғау органдарымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кездесулер ұйымдастырылды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» тақырыбында 5-6-7 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді..

Ауыл азаматтарының демеушілігімен адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен», акциясы ұйымдастырылды.

Акция аясында жиналған қаражатқа мектеп лагерінің оқушыларына тәтті дәмділер үлестіріліп, беріліп отырды.

Қамқоршылық кеңесінің шешімімен мектебіміздің жақсы оқитын, көпбалалы, азқамтылған отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралып, 2023-2024 оқу жылының жаз айында «Қазақстан халқына» қайырымдылық қоры «QH жаздық жолдама» жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларын сауықтыру лагеріне жолдама берілді. Сол сауықтыру лагеріне 5-сынып оқушысы Ойрат Алтын, 6-сынып оқушысы Смағұлов Нұрназар, 7-сынып оқушысы Жақып Марғұлан, 8- сынып оқушысы Төлеген Балғын, Қарым Аслан, Ойрат Қыргүлі және «Березняки» лагеріне азқамтылған отбасынан шыққан Байғажан Жасұлан жіберілді.

Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Отбасындағы қатігездікке жол жоқ» ата-аналармен тренинг, «Менің ұстанымым» бала тәрбиесіне қатысты сауалнамалар алынды.і.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі буфеттік тегін тамақтану» ұйымдастырылды. Жастардан құралған волонтерлер игі істер жасап, оны әр адамға үлгі болуы үшін әлеуметтік желілерде бөлісті. «Балалар күніне орай қайырымдылық акциясы өтті.

Аудандық жаңа жыл шыршасына мектебіміздің азқамтылған, көпбалалы отбасынан Байғажан Жасұлан аудан әкімінің шыршасына қатысып. 20 мың теңгенің сертификатын алды.

Аудандық білім бөлімінің материалдық көмегіне азқамтылған, көпбалалы отбасынан Бейсенбаева Азиза ұсынылып, 40 мың көлемінде қаржылай көмек алды.

Қарқаралы ауданының «Асар» қорының ұйымдастыруымен 2 –сынып оқушысы Кенжебекқызы Азизаға, және Жармағамбетовтар көпбалалы отбасына қысқы киім алуға көмек көрсетілді.

Оқушылардың жазғы сауықтыру мақсатында мектеп жанынан тамақсыз сауықтыру алаңы өткізілді. Барлығы 17 бала қамтылды. Жоспар бойынша балалармен табиғатқа саяхат, асфальтқа сурет салу, эстафеталық ойындар өткізіліп отырды. Сонымен қатар «Балажан ата-аналардың» науқаны бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, ата-аналармен тренингтер, эстафеталық ойындар өткізілді.

Жазғы демалысты өткізу барысында оқушылармен «Бала еңбегін қанауға қарсы» 12 күн» «Алтын балалық шақ» науқаны бойынша « Бала еңбегін пайдалану жоқ»! атты ұранымен өткізілді. Өткізілген шара барысында бала еңбегін пайдалану фактілері анықталған жоқ. Барлық өткізілген іс-шаралар БАҚ беттеріне жарияланды.

S Күшті жақтары	W Әлсіз жақтары
1. Біртұтас тәрбие бағдарламасының бойынша шаралар ұйымдастырылды.	1. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі кейбір жайттарға немқұрайлы қарауы..
2. «Даналық мектебінің жұмыстары жүргізілді.	3. Мектепшілік есепке алынған оқушылардың болуы
	4. Сынып жетекшілердің талдау жүргізібеуі
O Мүмкіндіктері	T Қауіп-қатерлері
Өзін-өзі жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына қатысу.	1. Әлеуметтік желі, тыйым салынған сайттар (Булинг, Кибербулинг)
Қайырымдылық шараларына демеушілерді тарту жұмыстарының нәтижелілігі.	

Қорытынды:

Қолайсыз отбасына 1 отбасы тіркеліп, атылған оқушылармен жұмыстар жүргізілуде

Жалпы оқушылармен жүргізілген іс-шаралар негізінде мектепте ІІБ есепте тұрған оқушы жоқ. Келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ.

Алдағы оқу жылына ұсыныстар:

- ✓ Сынып жетекшілердің жұмыстарын жинақтау, аудан, облыс көлемінде іс – тәжірибе таратуға ұсыну;
- ✓ Психологтің сынып жетекшілермен бірлескен жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне бақылауды күшейту;
- ✓ Ата – ана – мектеп – оқушы үштігінің байланысын нығайту;
- ✓ Білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру, тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету, психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету мақсатында тамыз, қыркүйек айында жылдық жоспар құру

ДТЖЖО:  Сапарова Г.У